

# ҚОДАМБАСЫ

Басты бет / Заңнама / Заңнама

## Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2- тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 9/2 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысымен

Қайта оралу

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Құрамында Конституциялық Кеңестің Төрағасы Ю.А.Ким және Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.И.Акуев, О.Қ.Ихсанов, В.В.Мамонов, С.Н.Сәбікенов, С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопин, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкілі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Р.Қ.Тоқсейітовтің; Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің өкілі, депутат И.К.Елекеевтің; экономика ғылымдарының докторы - маман В.Д.Мельниковтың қатысумен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1-тармағының 4-тармақшасын және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ашық отырыста Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М.Қажыгелдиннің Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2-тармақшасына ресми түрде түсіндірме беру жөніндегі өтінішін қарады.

Баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Н.И.Акуевтің хабарламасын, өтініш субъектісі мен Парламент Мажілісі өкілдерінің түсініктемесін, маман В.Д.Мельниковтың қорытынды пікірін тыңдай келіп, қолда бар жадығаттарды оқып-зерттей келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мыналарды анықтады:

1996 жылғы қарашаның 26-сында Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М.Қажыгелдиннің

ГЕСТУОЛІК АСВІНОРЫ 1993-ЖЫЛДАРДА 1993-ЖЫЛДАРДА  
Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2-  
тармақшасына ресми түсіндірме беру жөніндегі өтініші келіп тұсті.  
Өтініште республикалық бюджет және республикалық бюджетті  
орындау жөніндегі есеп бір жылдық мерзім дегенді білдіреді деп  
түсінуге бола ма деген мәселе қойылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі А.С.Павловтың өтінішке қоса берілген баяндау  
хатында "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасы  
Заңының жобасын талқылау барысында Парламент Мәжілісінің  
депутаттары Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-  
бабының 2-тармақшасына қатысты мәселе қойылғандығын, онда  
республикалық бюджетті Парламент бір жылға бекітеді деп  
белгіленбегенін атап көрсетеді. Заңының аталған жобасының  
редакциясында республикалық бюджетті ең қысқа кезеңге  
(жарты жыл, тоқсан, ай) де бекіту ұсынылған. Бұдан басқа,  
республикалық бюджеттің бір айдағы, тоқсандағы және бір  
жылдағы орындалуы жайлы есеп, түсіндірме жазбасымен,  
сондай-ақ оған қоса берілетін барлық құжаттарды Парламент  
белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасының Парламенті мен  
Есеп комитетіне тапсырып отыруы жайлы мәселе қойылуда.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2-  
тармақшасын талдау кезінде Конституциялық Кеңес мыналарды  
ескереді:

Конституцияның 53-бабының 2-тармақшасында:  
Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:  
"Республикалық бюджетті және Үкімет пен Республикалық  
бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің  
бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді", - деп жазылған  
және бюджетті белгілі бір кезеңге бекіту жөніндегі және соған  
байланысты оның орындалуы туралы есеп берудің мерзімділігі  
жөнінде нақты атап көрсетілмеген. Бұл мерзімдерді қолданылып  
жүрген заңдар белгілеген.

Қазақстан Республикасының 1991 жылғы желтоқсанның 17-  
сіндегі "Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі туралы"  
Заңының 3-бабының 11-тармағында "Бюджет бір жылға  
жасалады. Бюджеттік жыл қаңтардың 1-інен басталып,  
желтоқсанның 31-інде аяқталады", - деп белгіленген. Сонымен  
бірге Қазақстан Республикасының аталған заңының 12-бабы 3-  
тармағында Парламент Үкіметтің баяндашы, Парламенттің  
тиісті комитетінің қорытынды пікірі мен қосымша баяндашы  
негізінде республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі есепті  
қарап, бекітеді, - деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1996  
жылғы сәуірдің 19-ында бекітілген "Республикалық бюджеттің  
орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті туралы Ереженің 10-  
тармағының 2-тармақшасында өз өкілеттіктерін іске асыру үшін  
Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелері "Қазақстан  
Республикасының Парламентіне республикалық бюджеттің  
орындалуы жөніндегі жылдық есепті қабылдауға құқықты. Есеп  
комитетінің жылдық есебі өзінің мазмұны мен сипаты жөнінен  
Үкіметтің берген есебі бойынша қорытынды болып табылады".

Жоғарыда баяндалған жайттар негізінде және Қазақстан  
Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4-  
тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық  
Кеңесі тураДы" Қазақстан Республикасы Президентінің